

2023-2024 оқу жылындағы кітапхана жұмысының жылдық талдауы

Кітапхана жұмысының тақырыбы: *«Кітапхана қорындағы әдебиеттерді насихаттау арқылы оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру».*

Кітапхана жұмысының мақсаты: *Кітапхана оқырмандарын заман талабына сай ақпараттық технологиямен жұмыс жасауға бейімдеу, тіл байлығын, сөздік қорын, ой-өрісін дамыта отырып, оқырман мәдениетін қалыптастыру.*

№	Жалпы кітап қоры	Оқулық қоры	Көркем әдебиет	Оқырман келімі	Кітап берілімі	Кітапхана көлемі	Оқу залы	Орындық
1	12595	7383	5212	839	1054	30 кв ²	жоқ	10

Жаңа оқу жылына жылдық жоспар түзіліп, мектеп басшысына бекітілді.

Жаңа түскен кітаптарды ілеспе құжат бойынша қабылдап, саны мен құнын есептеп, бас кітап және оқулықтарды есепке алу кітабына енгізіліп, нөмірленді.

Оқулықтардың есебі оқулықтар қорының жиынтық есеп кітапбында енгізілді. Сыныптар бойынша оқушылардың, пән мұғалімдердің қолы қойылған есебі алынды. Үйде оқытылатын 8-сынып оқушысы Балтабай Серікке оқулықтары сабақ кестесіне сай беріліп және оқытушылар арқылы қосымша ертегі кітаптар беріліп тұрады. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы төмендегідей:

№	Сыныбы	Оқушы саны	Аз қамтамасыз етілгендер	Оқулық компл.	Қамтылуы %
1	1	32	18	32	100
2	2	36	15	36	100
3	3	35	12	35	100
4	4	35	12	35	100
5	5	38	16	38	100
6	6	33	8	33	100
7	7	40	19	40	100
8	8	26	11	26	100
9	9	31	13	31	100
10	10	23	14	23	100
11	11	6	2	6	100
	Барлығы:	335	140	335	100

Оқырман кітапшалары жаңадан арналып жүргізілді.

Кітапхана қорын ұйымдастыру мақсатында

- қорлар орналастырылды;
- тексерілді;
- сөрелік бөлгіштер жаңартылды;

Кітапханада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап көрмелері, библиографиялық шолу, жаңа түскен кітаптарға шолу, әдеби кеш, мерекелік іс-шаралар т.б. ұйымдастырылып, өткізілді.

Қыркүйек айында: «Ата Заңым айбыным» тақырыбында ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды жалпы оқырмандар саны – 15 ;

1 қыркүйек Білім күні «Мектебім – мейірім мекенім» тақырыбында кітап көрмесі безендіріліп, сынып сағаттары өткізілді. Адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы сөре жанында әңгіме болды. п көрмесі Бұл кітап көрмесі барлық оқырмандар тобы үшін ұйымдастырылды;

5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдері күні «Тіл – ұлттың жаны» кітап көрмесі және дөңгелек үстел ұйымдастырылды, дөңгелек үстелге 9-10-сынып оқушылары мен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, барлығы -21 оқырман қатысты;

Республикалық «Балалар жобасы» аясында өткізілген аудандық балалар оқулары байқауында 9-сынып оқушысы Амангельдин Әділет қатысып, нәтижесінде II орынды иеленді, 10-сынып оқушысы Амангельдин Дулат қатысып, нәтижесінде II орнымен марапатталды. Бұл екі оқушы да бір отбасының балалары, ата-аналарына мектеп әкімшілігі атынан Алғыс хатпен марапатталды. Кітапханада «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ», «Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік» тұрақты бұрыштар ұйымдастырылып, бастауыш сынып оқушыларымен жолда жүру ережелері бойынша әңгіме өткізілді.

Қазан айында: 1 қазан – Қарттар күні «Қарттарым аман – сау жүрші» ауыл ардагерлерімен сыр-сұхбат өткізілді. Ауыл ақсақалдары Әбділбаев Сәбит ата мен Әліхан Сейтхан ата келіп оқушыларға адамгершілік, мейірімділік жайында әңгімелерін айтып, оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Барлығы 24 оқушы және ұстаздар қатысты;

Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз – Ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды, 1-11 сынып оқушылары және ұстаздар қатысты;

«Оқы ойлан, ой түй» тақырыбындағы сайысқа 9-сынып оқушылары қатысып, өздерінің сүйікті жазушыларының оқыған шығармаларымен бөлісті. С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Сөз Сұлтаны - Сұлтанмахмұт» тақырыбында поэзия кеші өтті. Поэзия кешіне 7-8-сынып оқушылары қатысып, ақынның өлеңдерін жатқа оқыды.

Күзгі демалысты тиімді пайдалану мақсатында «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» кітап оқу марафонына 2-10-сынып оқушылары қамтылды;

Қараша айында Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтарының лауреаты, Балаларға арналған «Дарабоз» әдеби бәйгесінің жүлдегері Аққұм ауылының тумасы Есенәлі Ералы ағамен «Ел таныған азамат» атты кездесу кеші

ұйымдастырылды, кеш соңында Ералы ағамыз өзінің кітаптарын мектеп кітапханасына сыйға тартты, іс - шараға 9,10- сынып оқушылары қатысып, өздерінің арнауларын, өлеңдерін жатқа оқыды;

Оралхан Бөкейдің туылғанына 80 жыл толуына орай «Алтайдың асқақ жыршысы» кітап көресі және кітаптарына библиографиялық шолу жасалды, 8-сыныптардан 16 оқушы қатысты;

Балалар кітапханасы аясында «Үшқыр ой мен шешен тіл» сайыс ұйымдастырылды, сайысқа 5,6,7-сынып оқушылары қатысып өздерінің білімдерін көрсетіп бақ сынасты. Нәтижесінде 7^А-сынып оқушылары І орынды иеленді. Атап айтсақ: Рахман Темірлан, Мейірман Ақсәуле Жарылқап Ерзат өздерінің тапқырлығын көрсете білді.

«Тәуелсіздік тұғырым» мерекелік іс-шара ұйымдастырылды, іс-шараға барлық оқырмандар тобы және ұстаздар қатысты.

«Жаңа кітаптар – оқырман игілігіне» жаңа кітаптарға шолу, «Жігітке жеті өнер де аз» жігіт сұлтаны байқауы, Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі С.Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіровтің туылғанына 130 жыл толуына орай «Үш Бәйтерек – үш ғұмыр» әдеби ойын, «Ерлік ұрпаққа мұра» ауган соғыс ардагерлерімен кездесу кеш, М.Мақатаевтың туылған күніне «Жырлайды жүрек» әдеби кеш, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 3-4-сынып оқушыларымен «Ең үздік оқырман» сайысы, Аудандық «BOOK LOVERS» жобасына оқушыларымыз белсенді қатысып отырды, мектепшілік «Кітапхан» кітап оқу сайысы ұйымдастырылып нәтижесінде Бейсехан Аружан жылдың үздігі атанда. т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

Кітапхана меңгерушісі: *Сәт* Г.Сарбасова